



АКЦИЗДІК АЛЫМ МАРКАЛАРЫН САТЫП АЛУ МЕН ТАҢБАЛАНҒАН ТАУАРЛАРДЫ КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУДІҢ ТӘРТІБІ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитеті 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 108-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 4 маусымда тіркелді. Тіркеу N 311. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 902 бұйрығымен. ~V990880

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 26 ақпандағы N 273 P970273_ "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысын орындау, Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін, жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібін жетілдіру мақсатында

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Акциздік алым маркаларын сату мен таңбаланған тауарларды таңбалауды кедендік ресімдеудің тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1995 жылғы 27 қазандағы N 158-П Бұйрығымен бекітілген Акциздік алым маркаларын сату мен таңбаланған тауарларды таңбалауды кедендік ресімдеудің тәртібінің күші жойылған болып т а н ы л с ы н .

3. Баспасөз қызметі (Мұратбаева Ә.О.) осы бұйрықтың ережелерін баспасөзде , теледидарда және радиохабарларында жариялауға кіріссін.

4. Облыстық кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары:
- осы бұйрықтың қолданылу күшін барлық құрылымдық бөлімшелерге

жеткізсін және оның тиісті түрде орындалуын қамтамасыз етсін;

- импорттаушыларға жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларының енгізілгенін, акциздік алым маркаларын сату мен акцизделетін таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі туралы хабарласын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау ҚР МКК Төрағасының орынбасары В.Д.Кирдановқа жүктелсін.

Төраға

АКЦИЗДІК АЛЫМ МАРКАЛАРЫН САТЫП АЛУ МЕН ТАҢБАЛАНҒАН ТАУАРЛАРДЫ КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУДІҢ ТӘРТІБІ

1. Акциздік алым маркаларын сатып алудың тәртібі

1.1. Акциздік алым маркаларын (бұдан әрі маркалардың) сатып алу үшін импорттаушы акциздік алым маркаларымен жұмыс істейтін бөлімге (бұдан әрі Бөлім) төмендегідей құжаттар:

Алғашқы қайырылу кезінде - құжаттардың нотариальды түрде куәлендірілген көшірмелерін:

- тіркеу туралы куәлікті;
- Жарғыны;
- Мемкомстаттың тіркеу куәлігін;

түпнұсқаларын:

- салық инспекциясының анықтамасын;
- валюталық есепшотты ашу туралы банктің анықтамасын;
- ұлттық валютада есепшотты ашу туралы банктің анықтамасын ұсынады.

Бөлім қызметкері ұйым туралы мәліметтерді осы Тәртіпке N 1 қосымшада көрсетілген нысан бойынша Арнайы журналға жазады және аталған құжаттарды і с к е т і г е д і .

1.2. Осы Тәртіптің 1.1.-тармағында көзделген істерді орындаған соң бөлім қызметкері и м п о р т т а у ш ы д а н :

- осы Тәртіптің N 2 қосымшасында келтірілген нысан бойынша төрт данада жасалған Маркаларды сатып алуға Өтінішті;

- тауарлардың әкелінуі жүргізілетін сыртқысаудалық келісімнің (тексеру жүргізілген соң келісім импорттаушыға қайтарылады) түпнұсқасы мен к ө ш і р м е с і н ;

- Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының есепшотына N 000144933 Қазақстан Республикасы Бюджеттік Банктің Жеделбасқармасына, код 008, МФО 190501008, РНН 600700012225, маркілер үшін төлеу бойынша ақша қаражатын аударуға төлем тапсырысын қабылдайды, бұл арада осы төлем құжатында "Төлемді белгілеу" бағанында міндетті түрде: " 199 ж. " " _____ N _____ келісім бойынша акциздік алым маркалары үшін _____ төлеу" _____ көрсетілуі _____ тиіс.

Маркілер сыртқысаудалық келісімде көзделген тауарлардың әр түрінің мөлшерінің 102%-нен аспайтын мөлшерде сатылады.

Акциздік алым маркалары үшін төлеу бойынша ақша қаражатын Алматы

қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасына:

- СЭҚ ТН 2204 (2204 30-дан басқа), 2205, 2206 кодтарымен шараптар, шампан шараптары, шарап материалдары - 20 теңге;

- СЭҚ ТН 2207, 2208, 2905 кодтарымен спирттің барлық түрлері, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-арақ бұйымдар, коньяктар - 65 теңге;

- СЭҚ ТН 2402 кодтарымен, темекі бұйымдары, өзге де құрамында темекі бар бұйымдар - 1,5 теңге аударылады.

Маркаларды сатып алу үшін ақша қаражаты Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төленеді.

1.3. Аталған құжаттар тексерілген соң тіркеу нөмірін беру және тиісті жазуды жазу жолымен "Таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды әкелетін ұйымдардың Сыртқы-саудалық операцияларының есебін жүргізу Журналында" (бұдан әрі Журнал) Маркаларды сатып алуға өтініш тіркеледі, бұдан кейін Бөлім Өтініштің бірінші данасын өзінде қалдырады, өзгелері импорттаушыға беріледі. Импорттаушының телефондары жазылып, төлем құжаттары және көшірмелері қоса тігіліп, бірінші данасы қатаң есеп беру құжаттарын сақтау ішін көзделген тәртіппен сақталады.

Одан кейін бөлім тиісті кеден басқармасы арқылы не өз бетінше айына екі рет Мемлекеттік кеден комитетінің жанама кірістер бөліміне төмендегідей мәліметтерді (N 3 қосымша);

- импорттаушының тауын, оның заңды мекен-жайын;
- сыртқысаудалық келісімнің деректерін;
- өтініштің тіркеу нөмірін;
- ақша қаражатының сомасын;
- тапсырыс етілген Маркаларды түрі мен санын;

- Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасына Маркалар үшін төлеу бойынша ақша қаражатын аударуға төлем тапсырысының нөмірі мен күнін;

- төлем жүргізілген импорттаушының банкілік деректерін хабарлайды.

Бөлім өзінің кеден басқармасының бухгалтериясына Маркаларды сатып алу бойынша ақша қаражатын төлемдік аударулардың нөмірі мен күнін және импорттаушының төлем жүргізілген есепшоттарының банк деректерін береді, кеден басқармасының бухгалтериясы Марканың құнын құрайтын соманы Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының есепшотына аударды.

Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының есепшотына ақша қаражаты нақты келіп түскен соң Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасы Облыстық бөлімдерге (олардың сұраулары

бойынша) ақша қаражаты келіп түскені туралы (N 4 қосымша) хабарлайды, бұл
а р а д а :

- импорттаушының атауы, оның мекен-жайы;
 - сыртқысаудалық келісімнің деректері;
 - ақша қаражатының сомасы;
- аударуға төлем тапсырмасының нөмірі мен күні көрсетіледі.

Бөлім Маркаларды сатып алуға өтініштің бірінші данасында "Ақша қаражаты келіп түсті" белгісін қояды, ол белгі қойған лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі.

Мұндай белгі төлемнің күні мен кеден басқармасының есепшотына ақша қаражат келіп түскен күні көрсетіліп Журналға жазылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті жанама салықтар бөлімі республика бойынша керек болатын Маркалар саны жөніндегі мәліметтерді хабарлайды. Бұл Мәліметтер Ұлттық Банктің Банкнот фабрикасына жіберілетін Маркаларды әзірлеуге өтінішке енгізіледі. Бұл өтініш тапсырыстар дер кезінде төленген жағдайда, өтініш қабылдағаннан кейінгі 45 күн ішінде орындалады. Ұлттық Банктің Банкнот фабрикасы тапсырыс етілген Маркалардың құнын анықтаған соң Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының бухгалтериясы Маркаларды әзірлеуге есепшоттарын төлеуді жүргізеді.

2. Маркаларды беру

Маркаларды беруді Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының акциздік бекеті Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының есепшотына ақша қаражаты нақты келіп түскен соң жүргізеді.

2.1. Маркалар әзірленгеннен кейін Мемлекеттік кеден комитетінің жанама кірістер бөлімі Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасына Маркалардың әзір етілгені туралы хабарлайды.

Маркалардың тапсырыс етілген топтамалары туралы мәліметтер алынған соң Бөлім импорттаушыларға тапсырыс етілген Маркалар солардың өтініштері бойынша әзір етілген өтініштерінің тіркеу нөмірлері ғана көрсетіліп, бөлім жайғасқан жерде ақпарат орналастыру жолымен не осы Бөлімнің анықтаған өзге де жолымен Маркаларды әзірлеуге олардың тапсырыстарының орындалғаны туралы хабарлайды.

2.2. Маркаларды алу үшін импорттаушы Бөлімге төмендегідей құжаттарды:

- бөлімде сақталатын өтініштің данасында жазылған жазудың негізінде "Ақша қаражаты келіп түсті" белгісі қойылған, белгі қойған лауазымды адамның

жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген Маркаларды сатып алуға өзіндегі өтініштің екінші және үшінші даналары, Өтініштегі күндермен сәйкес келуі тиіс, өтініштің екі данасы 2.5.-тармақта көрсетілген әрекеттерден соң импорттаушыға беріледі;

- Қазақстан Республикасы аумағы арқылы жүк өткізу жоспарланып отырылған шекарадағы кеден өткелі көрсетіліп, импорттаушы белгілейтін мерзім ішінде тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына нақты әкелу, мұндай тауарларды белгілі бір терминалға орналастыру, тиесілі кеден төлемдерін төлеу туралы Нұсқауға N 6 қосымшада келтірілген нысан бойынша екі данадағы жазбаша міндеттемені береді, міндеттемеде көрсетілген мерзім Маркаларды импорттаушы алған күннен бастап сегіз айдан аса алмайды, бір данасы Бөлімнің істерінде қалады, екіншісі импорттаушыға беріледі;

- сенімхат (N 7 қосымша) пен оның көшірмесін береді.

Міндеттемеде импорттаушының мәлімдеге мәліметтері Журналға жазылады.

2.3. Бөлім импорттаушының ұсынған сенімхатын қабылдайды және Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының акциздік бекетінде Маркаларды алуға өкілеттік берген кеден органының сенімхатын оған береді. Осындай жұмысты жүргізу үшін Бөлімдер Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасына Маркаларды сатып алу жөніндегі құжаттарды қабылдау мен беруге жауапты инспекторлардың жеке нөмірлік мөрлері мен қолдарының үлгілерін ұсынады.

Сенімхаттың көшірмесі Бөлімнің іс-қағаздарында қалады.

2.4. Таңбалау үшін импорттаушының Маркаларды сатып алған тауарлары Қазақстан Республикасы кеден аумағына белгіленген мерзімге сәйкес Міндеттеме қабылданған сәттен бастап сегіз айдан кешіктірілмей әкелінуі керек.

2.5. Импорттаушыға не импорттаушының өкіліне Маркаларды беру Өтініштің Бөлімнің белгілері қойылған екінші және үшінші даналарын, банктің тиісті жазба көшірмесін, кеден органының сенімхатын, сенімхатта көрсетілген адамның жеке басын куәлендіретін төлқұжатты не өзге құжатты ұсыну кезінде жүргізіледі.

Маркаларды алу үшін Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының бухгалтериясы Маркалар үшін ақша қаражатының нақты түсуін тексереді, одан соң Өтініштің үшінші данасында түскені туралы белгі қойылады, импорттаушыдан Маркаларды алуға кеден органның берген сенімхаты алынады.

Импорттаушыға Маркаларды беру кезінде Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының акциздік бекеті Импорттаушының Маркаларды алуына жолдама жүк құжатын (N 8 қосымша) ресімдейді.

Бөлімнің белгілері қойылған Өтініштің екінші данасы, Маркаларды алуына жолдама жүк құжатының көшірмесі, Маркаларды сатып алуға төлем

тапсырысының көшірмесі Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының акциздік бекетінің іс-қағаздарында тігіледі және қатаң есеп беру құжаттарын сақтау тәртібіне сәйкес сақталады.

Маркаларды сақтау мен жеткізуге, акцизделетін тауарларға желімдеуге одан әрі импорттаушы жауап береді.

2.6. Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының акциздік бекеті Маркалар нақты берілген соң Бөлімге импорттаушының Маркаларды алғаны туралы (N 9 қосымша):

- импорттаушының атауын;
 - сыртқысаудалық келісімнің деректерін;
 - өтініштің тіркеу нөмірін;
- берілген Маркалардың санын, сериялары мен нөмірлерін көрсете отырып х а б а р л а й д ы .

Жеткізуге бақылау жасау бөлімі алынған деректердің, сондай-ақ Бөлімдегі бар мәліметтердің негізінде арнайы байланыс арналары бойынша таңбаланған тауарларды әкелу үшін импорттаушының белгілеген Маркалардың сериялары мен нөмірлері, саны, импорттаушының Маркаларды сатып алуға Өтінішін тіркеу нөмірі, Акциздік терминалдың (бұдан әрі - терминал) атауы мен мекен-жайы туралы мәліметтерді шекаралық өткелге жібереді, бұл арада тиісті кеден басқармасының КЖД ресімдеу журналында акциздік тауарларды тіркеуге орын қ а л д ы р ы л а д ы .

3. Маркаларды әкету

Қазақстан Республикасы кеден аумағынан әкетілетін Маркаларды кедендік ресімдеу ықшамдалған тәртіппен жүргізіледі.

Декларациялау кеден органына Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының акциздік бекетінен Маркаларды алуға жолдама құжаттың данасын, Өтініштің үшінші данасын ұсыну жолымен жүзеге асырылады. Бұл арада экспорттық кедендік ресімдеу үшін кеден бажы мен кеден а л ы м д а р ы а л ы н б а й д ы .

4. Таңбалаудың тәртібі

4.1. Еркін айналымға шығарудың кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларды Маркалармен таңбалау Мемлекеттік кеден комитетінің нормативті актілерімен белгіленгеннен басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары ж ү р г і з і л е д і .

4.2. Таңбалау осы Нұсқаумен белгіленген ережелерге сәйкес осы үшін анықталынған жерде таңбалауға жататын тауарларға Маркаларды желімдеу жолымен жүргізіледі. Темекі бұйымдарын таңбалау ережелері N 10 қосымшада келтірілген.

Маркаларды желімдеу кезінде тауарды бүлдірмей, одан Марканың алынуына мүмкіндік бермейтіндей желім қолданылуы тиіс.

5. Таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу

5.1. Таңбаланған акцизделінетін тауарлар қызметі аймағында Қазақстан Республикасы кеден шекарасындағы өткізу пункті (бұдан әрі - шекаралық кеден органы) орналасқан кеден органы кедендік төлемдер төлеуді қамтамасыз етпей-ақ тауарларды кеден бақылауымен жеткізудің ережелеріне сәйкес импорттаушының Маркаларды сатып алуға өтінішінде және тауарларды әкелу туралы міндеттемесінде көрсетілген терминалға жібереді.

Бұл арада жеткізуді бақылау құжатында (ЖБК) "Сенім артушы" - 50 бағанында Маркалардың сериялары мен саны көрсетіледі.

Тауарларды жолдау құжаттары мен көлік құжаттарында осындай терминалдың мекен-жайы көрсетілмеген жағдайында не мұндай құжаттарда басқа тауар алушының мекен-жайы көрсетілсе, онда тауарлар кеден бақылауымен жатқан жақын қоймаларға орналастырылады.

5.2. Таңбаланған акцизделетін тауарлар терминалға жеткізіліп орналастырылған соң терминалдың иесі көрсетілген тауарлардың келгені туралы жүк алушыға не оның өкіліне хабарлайды.

Хабар беруді кеден органының лауазымды адамы қызметі аймағында терминал орналасқан кеден органы куәлендіреді.

5.3. Таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуді қызметі аймағында терминал орналасқан, осындай тауарлар түскен акциздік кеден бекеті жүргізеді.

5.4. Бөлім инспекторы белгіленген тәртіппен келген жүктің үлгілерін алып, қарап көруді жүргізеді. Қарап көру барысында инспектор:

- жүк мөлшері мен сипатын;
- ораманың бүтінділігін, жүктің барлық топтамаларындағы Маркалардың бар екендігін, олардың сериялары мен нөмірлерін;
- Маркаларды желімдеудің сапасын анықтауға міндетті.

Бұл арада терминал лицензиясының нөмірі, тауар таңбаланған Маркалардың алынған үлгілерінің мөлшері мен сипатын, сериялары мен нөмірлерін көрсетіп, қарап көру актісі жасалады. Бұл жерде таңбаланбаған бүлінген тауардың табылғаны не табылмағаны, сондай-ақ бүлінген Маркалары бар тауар, алынған

үлгілерге жай мөртаңба салынған жай мөртаңбаның нөмірі көрсетіледі.

Акт үш данада жасалады, біріншісі - Бөлімнің іс-қағаздарында қалады, екіншісі - еркін айналымға шығаруды растайтын құжаттар ұсынылған соң жүк алушыға беріледі, үшіншісі - Терминалдың іс-қағаздарында қалады.

Актіні ресімдеу аяқталған соң алынған үлгілерге жай мөртаңба салынады

және жүк алушыға беріледі.

Бөлім бастығының рұқсатымен көлік құралын Терминалға орналастырмай-ақ кедендік ресімдеуді жүргізу жоспарланса, инспектор тауарлар мен көлік құралына жай мөртаңба салады.

5.5. Декларант Бөлімге төмендегідей құжаттарды:

- осы Нұсқаудың 5.2.-тармағында көзделген тауарлардың түсуі туралы хабарлауын;

- тауарларды жолдама құжаттары мен көлік құжаттарын;

- кеден декларациясын;

- кедендік төлемдердің төленгені туралы төлем құжаттарын;

- Маркаларды сатып алуға импорттаушының өтінішін және Маркаларды алуға жолдама құжатын;

- жүкті тексеру актісін;

- кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізуге қажетті өзге де құжаттарды ұсынады.

5.6. Кедендік жүк декларациясын толтыру кезінде (КЖД) "Сенім артушы" - 50 бағанында декларант мәлімделетін таңбаланған Маркалардың сериялары мен с а н ы н к ө р с е т е д і .

5.7. Кеден төлемдері мен салықтарын есептеудің, қоса есептеуді және төлеуді , КЖД тексеруді Бөлім мен бекет жүргізеді.

Алуы кеден органына жүктелген кедендік ресімдеу үшін кеден бажын, қосымша құнға салықты, кедендік алымдарды және басқа да салықтарды, кеден баждары мен салықтарын есептеу кеден декларациясы қабылданған күнге дейін қолданылған ставкалар мен шетелдік валюталар бағамы бойынша жүргізіледі.

Акциздерді есептеу мына формуламен жүргізіледі:

$$A = E * A_t, \text{ бұл жерде}$$

A - сыйымдылығы немесе бөлініп салынған ыдыстары түрлі тауарларды

қосқанда СЭҚ ТН тауарлардың бір қосымша айқындамасына жататын, мәлімделетін топтамаға барлық тауарлар бойынша акциздердің жалпы сомасы;
Е - соманың белгісі;

АТ- белгілі бір сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған ыдыстағы тауарларға қатысты акциздің ЭКЮ-мен сомасы, ол мына формуламен есептеледі:

$AT - K_T * A_c$, бұл жерде

КТ - белгілі бір сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған ыдыстағы тауарлардың саны;

Ас - тиісті сыйымдылықтағы немесе бөлініп салынған тауардың бірлігіне акциздің ЭКЮ-мен ставкасы.

Тауарларды кедендік ресімдеу кезінде төленуге жататын акциздер сомасын есептеу мына формуламен жүргізіледі:

$A_{пл} - A - A_m$, бұл жерде

Апл - төленуге жататын акциздің ЭКЮ-мен сомасы;

Ам - Маркаларды сатып аларда төленген сомасы.

Акциздердің есептелген сомасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы арқылы төленеді.

Әкелінген таңбаланған тауарлар үшін ағымдық кеден төлемдері мен салықтарын төлеуге қамтамасыз ету сомаларын есебіне жатқызудан соң не тиесілі сомаларды кеден басқармасының депозитіне нақты төленетін кезде Бекеттің кедендік ресімдеу бөлімінің лауазымды адамы КЖД-ның 1 және 3 даналарында қолданылып жүрген кеден заңдарына сәйкес КЖД-ның әр бетінде (КД - 1 нысаны) "С" бағанында "Тексерілді. Төлемдер төленді." деген белгі жасап, өз қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәлендіреді. Кеден төлемдері мен салықтары сомаларының түсуіне бақылау жасау үшін Бөлімде ақша қаражаттарының кеден басқармасының депозитіне түскені, төлем тапсырысының нөмірі мен күні, импорттаушының атауы мен банк деректері туралы белгілер үшін картотека жүргізіледі.

5.8. Таңбаланған тауарларды еркін айналымға шығаруды Бөлім не бекет жүргізеді. Бұл арада тауарды ресімдеген инспектор Журналдың "КЖД нөмірі мен күндері" бағанына тауардың шыққан күні туралы тиісті жазу жазады.

Тауар алушының өтінішімен Мемлекеттік кеден комитетінің рұқсатымен барлық тиесілі кедендік төлемдер төлеттіріліп, Мемлекеттік кеден комитетінің

нормативті актілері және осы Нұсқаумен белгіленген тәртіппен шекаралық кеден органында еркін айналымға шығарудың кеден режиміне сай орналастырылатын таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізуге жол беріледі .

5.9. Осы Нұсқаудың 5.8. тармағында көзделінген жағдайда жүк алушы немесе оның өкілі Мемлекеттік кеден комитетіне шекаралық кеден органында таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеуге рұқсат беру туралы өтінішпен ж а з б а ш а қ а й т а р ы л а д ы .

Үш данада толтырылған мұндай қайтарылуда міндетті түрде мыналар:

- а) өзіне сәйкес таңбаланған тауарлардың әкелінетін сыртқысаудалық келісімнің нөмірі мен күні;
- б) әкелінетін тауарлардың саны мен номенклатурасы;
- в) Маркаларды сатып алуға импорттаушының Өтінішінің нөмірі;
- г) сатып алынған маркалардың нөмірлері мен сериялары;
- д) шекаралық кеден органының атауы көрсетілуі тиіс.

Жүк алушы немесе оның өкілінің өтінішін қанағаттандырар кезде Мемлекеттік кеден комитеті тиісті шекаралық кеден органына кедендік ресімдеуге рұқсат беру туралы хабарлайды, мұндай жазбаша өтініштің түпнұсқасына "Келісілген" деген сөзді жазылып, Мемлекеттік кеден комитетінің жанама кірістер бөліміне басшылық жасайтын Төраға орынбасарының қолымен және Мемлекеттік кеден комитетінің мөрімен куәлендіріледі. Өтініштің бір данасы Мемлекеттік кеден комитеті жанама кірістер бөлімінің іс-қағаздарында қалады, екіншісі Бөлімге жіберіледі, үшіншісі импорттаушыға беріледі.

5.10. Шекаралық кеден органында таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу үшін декларант төмендегідей құжаттарды:

- шекаралық кеден органында кедендік ресімдеуді жүргізуге келісім расталған жазбаша өтініштің түпнұсқасын;
- Кеден комитетінің нормативті актілеріне сәйкес кедендік ресімдеу мен кеден бақылауын жүргізу үшін қажетті өзге де құжаттарды ұсынады.

5.11. Кедендік ресімдеу аяқталған соң шекаралық кеден органы шекарада тауарларды ресімдеуге рұқсат берген Мемлекеттік кеден комитетіне және Бөлімге КЖД-ның куәлендірілген көшірмесін екі күн ішінде фельдъегерлік және арнайы байланыспен жібереді.

6. Пайдаланыламаған Маркаларды қайтару

6.1. Таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды осы Нұсқаудың 2.2.- тармағында көзделген мерзімде қою жөніндегі сыртқысаудалық келісім орындалмаған не жартылай орындалған жағдайда импорттаушы көрсетілген

мерзім өткенге дейін импорттаушыға Маркаларды сатқан кеден органына барлық пайдаланылмаған Маркаларды қайтаруға міндетті.

Сонымен бір мезгілде импорттаушы кеден органына төмендегідей құжаттарды :

- өзінің Маркаларды қайтаруының себебі және сатып алған кезде төленген ақша қаражатын қайтару туралы сұрауы көрсетілген жазбаша өтінішті;
- өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды;
- Маркалардың алынғаны туралы жолдама құжаттың данасын;
- импорттаушының Маркаларды сатып алуға өтінішінің данасын ұсынады.

Импорттаушының өтінішін Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасының акциздік бекеті қабылдайды, бұл жөнінде импорттаушының өтінішінде Маркаларды қайтару туралы тиісті белгі жасалынады .

6.2. Тауарларға желімдер кезде Маркалар бүлінген жағдайда импорттаушы импорттаушыға Маркаларды сатқан кеден органына барлық бүлінген Маркаларды көрсетуге міндетті.

6.3. Бүлінген Маркалар қағаздың жеке парақтарына төмендегідей ережелер сақтала отырып, желімденуі керек:

- Маркалар жапсарсыз және тегіс етіліп желімденуі керек;
- Маркалар Маркалардың серияларының нөмірлері және Марканың орталық бөлігі анық көрінетіндей болып желімденуі керек;
- Маркалар жыртылып қалса, бөліктері біріктірілуі керек;
- импорттаушының қайтаратын әр бүлінген Маркасының жалпы алаңы (оның ішінде біріктірілген бөліктері де) алғашқы көлемінің кемінде 60 процентін құрауы тиіс .

6.4. Пайдаланылмаған Маркалар үшін ақша қаражатын қайтаруды импорттаушының өтініші Маркалар алынған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей берілген жағдайда Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасы жүргізеді.

Импорттаушының тілегі бойынша ақша қаражаты жаңа Маркалар үшін ақы төлеу есебіне жатқызылуы мүмкін.

6.5. Акцизделетін тауарларды әкелу мен өткеруді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар алынған акцизделетін алым Маркалары жоғалған, ұрланған, ж.т.б. кезде белгіленген тәртіппен акциздерді бюджетке төлеу бойынша жауаптылықта болады .

6.6. Көрсетілген құжаттардың негізінде Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармасы импорттаушыға Маркаларды сатып алу кезінде оның төлеген ақша қаражатын Маркаларды даярлау, сақтау және тасымалдау шығындарын жабуға кететін сомаларын ұстай отырып қайтарады.

6.7. Акцизделетін өнімдердің басқа импорттаушыларына пайдаланылмаған Маркаларды беруге жол берілмейді. Бұл арада Маркалар үшін төленген ақша қаражатын қайтару жүргізілмейді.

7. Пайдаланылмаған Маркаларға бақылау

7.1. Бөлім Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген таңбаланған тауарлардың немесе импорттаушының қайтарған Маркаларының санының сатып алынған маркалардың санына сәйкес келуін тексеру жолымен Маркалардың пайдалануына бақылауды жүзеге асырады.

7.2. Осы Нұсқаудың 2.2. тармағында көзделген мерзімге дейін таңбалауға жататын акцизделетін тауарларға байланысты импорттаушы Бекет алдында Маркалардың пайдаланылуы туралы төмендегілерді:

- таңбаланған тауарлардың кедендік ресімдеуі жүргізілетін кедендік жүк декларацияларын;

- пайдаланылмаған не бүлінген Маркаларды ұсыну жолымен есеп береді;

Бұл арада сатылған Маркалардың саны мен сериялары кедендік жүк декларацияларының 50-бағанында көрсетілген не импорттаушының қайтарған пайдаланылмаған не бүлінген Маркаларының саны мен серияларына сәйкес келуі керек.

7.3. Дәлелді себептермен ерекше жағдайларда импорттаушы Бөлім алдында одан сатып алған Маркалары үшін оның белгіленген мерзімінде есеп бере алмаса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті импорттаушының мерзімді ұзарту жөнінде сұрауын және дәлелді себептерін көрсеткен жазбаша өтініші бар болған жағдайда бұрын белгіленген мерзімнен екі ай асырмай мерзімді ұзарту туралы шешім қабылдай алады.

Республикалық бюджет кірістеріне аударылған ақша қаражатын қайтаруды кеден органдары жүргізбейді.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Қазақстан Республикасы кеден аумағына таңбаланбаған акцизделетін тауарларды (транзиттің кеден режиміне сәйкес өткізілетін тауарлардан басқалары) әкелу кезінде шекаралық кеден органы мұндай тауарларды кеден бақылауымен кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету ретінде ішкі кеден органының депозитіне салған жағдайда тауарларды алушының қызметі өтетін кеден органында орналасқан терминалдарға жібереді. Импорттаушының осы тауармен одан арғы әрекеттеріне рұқсатты Мемлекеттік кеден комитеті береді.

Осы тармақтың ережесі терміжол транспортын қоспағанда автомобиль

көлігімен таңбалауға жататын тауарларды әкелерде қолданылады.

8.4. Таңбалауға жатпайтын таңбаланған өзге де тауарлармен бірге тауарлар топтамаларын бөлігін құрайтын жағдайда мұндай тауарлар жалпы белгіленген тәртіппен Бөлімнің кедендік ресімдеуіне жатады.

8.5. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің акциздерді төлеусіз әкелу үшін белгілеген алып өту нормасынан аспайтын, Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін таңбаланбаған акцизделетін тауарлары асып кетудің осындай бөлігінде Қазақстан Республикасы кеден аумағынан өткізуге жатпайды.

9. Таңбаланған тауарлардың кері импорты

Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін таңбаланбаған акцизделінетін қазақстандық тауарлар осы Нұсқаудың 8.1.- тармағында көзделген тәртіппен кеден бақылауымен тауарларды жеткізу ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Мұндай тауарлар Қазақстан Республикасы аумағында өткеру үшін міндетті түрде таңбалауға жатады.

N 1 Қосымша

Таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды әкелетін ұйымдардың сыртқысаудалық операцияларының есеп журналы

No	ҚҰЖС	Тіркеу нөмірі,	Тапсырылған	Маркаларға	Маркаларға	Кеден	
п/п	коды	Маркаларды	маркалар	төлем	ақы	сомасы	күзеті
		сатып алуға	_____	күжатының		шотына	
		өтініштің күні	Марка	саны	нөмірі мен		ақша
			түрі	күні		қаражаты	
			сериясы			түскен	
						күн	
1	2	3	4	5	6	7	8

ҚР КК |Кепіл |Тауарларды | КЖД | КЖД | КЖД кеден |Қайтарылған аударуға |сомасы, |ресімдеудің|нөмірі|бойынша|төлемдерінің|Маркалар

төлем | банк | шектік | мен | тауар | сомасы | саны
құжатының | деректе. | мерзімі | күні | саны | (түрлері |
нөмірі | мелері | | | | бойынша) |
мен күні | | | | | |

9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15

Төлем тапсырмасы, | Кеден күзет | ҚР КК ақша
инкассо тапсырысы | шотына ақша | ауда төлем
нөмірі күні өн. | қараж. түсен | құжатының
алу | күні | нөмірі, күні

16 | 17 | 18

№ 2 Қосымша

Қазақстан Республикасы

Кеден комитеті Төрағасының
орынбасарына

тіркеу № _____ 199__ ж. " " _____
(КБ коды және тіркеу нөмірі)

Акцизделетін алым маркаларын сатып алуға
Өтініш

(Ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, мекен-жайы, банк. деректемелері)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ;
(марканың түрі)

_____ саны _____ дана, сомасы _____ ЭКЮ;
(марканың түрі)

жалпы сомасы _____ ЭКЮ;

акцизделетін алым Маркаларын сатуды сұрайды.

Тауарларды сатып алуға қажетті маркалардың көрсетілген саны:

_____ (тауарлардың номенклатурасы мен саны, темекі бұйымдары үшін әр

_____ пачка түрімен пачка және сигарет бұйымдары саны, арақ-шарап

_____ бұйымдары - сыйымдылық түрімен шөлмек саны)

Көрсетілген тауарлар сыртқысаудалық келісім бойынша

_____ N _____ фирмасымен бірге сатылып алынады

_____ (терминалдың мекен-жайы)

_____ және терминалына ұсынылатын болады.

Маркаларды сатып алуға ақша қаражаты

N _____ төлем құжатымен 1995 ж _____

_____ сомада Кеден комитетінің шотына салынады.

(жазумен)

"Акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібі туралы" Нұсқаудың ережелерімен таныстырылды.

Ұйымның басшысы _____ аты-жөні

Бас бухгалтері _____ аты-жөні

(қолы)

М.О.

Қаражат түскені туралы Кеден комитетінің белгісі _____

N 3 қосымша

"Мәлімет берілді" нысаны бойынша мәліметтер

Қазақстан Республикасы
Кеден комитетінің Кеден
табыстары басқармасы
жанама табыстар бөлімі

_____ бойынша кеден басқармасының акциздік кеден
(облысы)

күзеті төмендегі импорттаушылардан Акцизделетін алым маркалары алуға
төлем тапсырмалары және Өтініштерді қабылдау туралы хабарлайды:

1. Өтініш N _____ 1995 ж. " " _____

(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ кабылданды

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңды мекен-жайы)

_____ банкіндегі шот N _____

қалалар _____, МФО _____

_____ фирмасымен келісім-шарт
(экспорт. шетел. фирманың, елдің атауы)

1995 ж. " " _____ N _____

Маркаларды сына санда сатып алу үшін ақшалай қаржы:

_____ дана _____

(тауарлардың түрі темекі бұйымдары

_____ алкоголь өнімдері)

1995 ж. " " _____ N _____ Кеден комитетіне

төлем тапсырыстарымен аударылады

2. Өтініш N _____ 1995 ж. " " _____

(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ кабылданды

_____ (импорттаушының атауы)
мекен-жайы: _____
_____ (импорттаушының заңды мекен-жайы)
_____ банкіндегі шот N _____
қалалар _____ МФО. _____
_____ фирмасымен келісім-шарт
(экспорт. шетел. фирманың, елдің атауы)
1995 ж. " " _____ N _____
Маркаларды сына санда сатып алу үшін ақшалай қаржы:
_____ дана _____
_____ (тауарлардың түрі темекі бұйымдары

_____ (алкоголь өнімдері)
1995 ж. " " _____ N _____ Кеден комитетіне
төлем тапсырыстарымен аударылады
_____ облысы бойынша
кеден басқармасы кеден күзетінің
бастығы _____
_____ аты-жөні

N 4 қосымша

"Ақшалай қаржылар келіп түсті" нысан бойынша мәліметтер
_____ облысы
бойынша Кеден басқармасы
Акциздік кеден күзеті

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті төмендегі Өтініштер бойынша Акцизделетін алым Маркалары үшін ақшалай қаржылардың түскені туралы хабарлайды:

1. Өтініш N _____ 1995 ж. " _____ "
(КБ коды және тіркеу нөмірі)
_____ қабылданды

_____ (импорттаушының атауы)
мекен-жайы: _____
_____ (импорттаушының заңды атауы)
_____ банктегі шот N _____

қалалар _____, МФО _____
1995 ж " __ " _____ N _____
сомаға _____ теңгеге төлем тапсырысы
_____ фирмамен келісім-шарт

(экспор. шетел. фирмасының, елдің атауы)

әкелуге _____

(тауардың атауы)

1995 ж " __ " _____ N _____

2. Өтініш N _____ 1995 ж. " _____ "

(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ қабылданды

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңды атауы)

_____ банктегі шот N _____

қалалар _____, МФО _____

1995 ж " __ " _____ N _____

сомаға _____ теңгеге төлем тапсырысы
_____ фирмамен келісім-шарт

(экспор. шетел. фирмасының, елдің атауы)

әкелуге _____

(тауардың атауы)

1995 ж " __ " _____ N _____

Төрағаның орынбасары _____ (Т.А.-Ж)

N 5 қосымша

"Әзірленген маркалар" нысаны бойынша мәліметтер

_____ облысы
бойынша Кеден
басқармасының Акциздік

кеден күзеті

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті төмендегі Өтініштер бойынша Акцизделетін алым маркаларын әзірлеу туралы хабарлайды:

1. Өтініш N _____ 1995 ж. " ____ " _____ қабылданды.
(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

_____ (импорттаушының заңды атауы)

Келісім-шарт бойынша _____

_____ (экспор. шетел. фирмасының, елдің атауы)

1995 ж " ____ " _____ N _____

Импортталынатын тауар _____

_____ (тауарлардың атауы)

Марканың нөмірі _____ сериясы _____

2. Өтініш N _____ 1995 ж. " ____ " _____ қабылданды.
(КБ коды және тіркеу нөмірі)

_____ (импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

_____ (импорттаушының заңды атауы)

Келісім-шарт бойынша _____

_____ (экспор. шетел. фирмасының, елдің атауы)

1995 ж " ____ " _____ N _____

Импортталынатын тауар _____

_____ (тауарлардың атауы)

Марканың нөмірі _____ сериясы _____

Төрағаның орынбасары _____ аты-жөні

N 6 қосымша

_____ облысы бойынша кеден басқармасының

_____ Акциздік Күзетінің бастығына

тіркеу N _____ 199__ ж " ____ " _____

_____ (кеден органы толтырады)

Тауарды әкелу туралы

Міндеттеме

(ұйымның толық атауы, ҚҰЖС коды, мекен-жайы, банк. деректемелері)

199__ж. " " _____ мерзімге дейін Қазақстан
Республикасына таңбалауға жататын тауарларды іс жүзінде

(шекаралық кеден органының атауы)
арқылы еркін айналым үшін шығарудың кеден режиміне сәйкес іс жүзінде
әкелуге _____

_____мөлшерінде

(тауарлардың атауы)

_____оларды орналастыруға

(тауарлар саны)

(терминалдың атауы мен мекен-жайы)
еркін айналым үшін шығарудың кеден режиміне орналастырып, кеден
ресімдеуіне ұсынуға және сол кеден режимінде көзделген тиесілі кеден
төлемдері мен салықтардың бәрін төлеуге міндеттенеді.

Ұйымның басшысы _____ аты-жөні

Бас бухгалтер _____ аты-жөні

(қолдары)

М.О.

"МІНДЕТТЕМЕ 199__ " " _____ ҚАБЫЛДАНДЫ"

Күзет инспекторы _____ аты-жөні

(қолы)

М.О.

№ 7 қосымша

Ведомствоаралық типтік нысан № М -2а

КСРО ОСБ 14.12.72. № 816 бұйрығымен бекітілген

ІБЖЖ бойынша код 0303002 4

Сенімхат 1995 ж " " _____ дейін жарамды

тұтынушының атауы және оның мекен-жайы

төлеушінің атауы және оның мекен-жайы

шот N _____

банкінің атауы

С Е Н І М Х А Т Н _____

Берілген күні 1995 ж " " _____

берілді

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

Төлқұжат: серия _____ N _____ 199__ " __" _____ берілді

паспортты кім берді

_____ бойынша тауарлы-материалдық

тәртіптің нөмірі және күні

құндылықтарды _____ алуға

жеткізуші фирманың атауы

Алуға жататын тауарлы-материалдық құндылықтардың тізбесі

Жазу	Тауарлы-материалдық нөмірінің реті	Өлшем бірлігі	Саны (жазумен)
------	------------------------------------	---------------	----------------

1	2	3	4

Сенімхатты алған адамның қолы _____ куәлендіреміз

_____ бөлімшесі

N _____ Ж О Л ҚҰЖАТЫ (ТАЛАП)

мекеме жетекшісінің қолы

Негізі (мақсаты) _____ 199__ " __" _____
_____ арқылы

Бөлім| Көзі| Мекеме| Қойма | Алушы | Опе | Код

			(жөнелтуші)			
			жөнелтуші		Қос. шот шығыс	
					бабы	

Атауы, сорты | Өлшем |Номенклатур.| Саны | Баға |Сомасы

бірлігі нөмір				
	талап жөнел.			
	етіл. тілді			

199__ ж. " __ " _____ Қабылдады (алды) Тапсырды (берді)

№ 9 қосымша

Нысан бойынша мәліметтер "Маркалар берілді"
_____ облысы бойынша
кеден басқармасының акциздік
кеден күзеті

Қазақстан Республикасы Кеден Комитеті Акцизделетін алым
маркаларын беру туралы төмендегідей Өтініштер бойынша хабарлайды:

1. N _____ өтініш 1995 ж. " " _____
(КБ коды ж. тір. нөмірі)

_____ қабылданды.

(импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңдық мекен-жайы)

_____ қаласы _____ МФО _____

банкіндегі шот N _____

_____ фирмасымен келісім-шарт

(шет елдік фирма-экспорт. атауы, елі)

1995 ж. " " _____ N _____

_____ әкелуге

(тауар атауы)

сериялы _____ нөмірлі _____ Маркалар берілді.

Берілген күні 1995 ж.

2. N _____ өтініш 1995 ж. " " _____

(КБ коды ж. тір. нөмірі)

_____ қабылданды.

(импорттаушының атауы)

мекен-жайы: _____

(импорттаушының заңдық мекен-жайы)

_____ қаласы _____ МФО _____

банкіндегі шот N _____

_____ фирмасымен келісім-шарт

(шет елдік фирма-экспорт. атауы, елі)

1995 ж. " " _____ N _____

әкелуге

_____ (тауар атауы)

сериялы _____ нөмірлі _____ Маркалар берілді.

Берілген күні 1995 ж.

Төраға орынбасары _____ (аты-жөні)

N 10 Қосымша

Темекі бұйымдарын таңбалаудың ережелері

Жұқа/ тығыз жұқа қорап

Жоғарғы жазықтықта орналасу

Жоғарғы жазықтықты жабатын этикетканың мәтіні не суреті қораптың бағытына қарай бағдарлануы және ортасы бойынша орналастырылуы тиіс (қораптың оң және сол жағынан, алдыңғы және артқы қабырғаларынан бірдей қашықтықта). (1 сур)

Аударылма қақпағы бар қорап

Артқы жазықтықта (2а. сур) және бүйірінен орналасу (2б. сур)

Бүйірінен орналасқан жағдайда, этикетка артқы жазықтықтан орналасуы тиіс, бұрышты жауып, қораптың бүйір жазықтығына кешуі керек.

Арақ-шарап өнімдері мен спиртті таңбалаудың ережелері

Акцизделетін алым Маркасы ыдыстың тығындайтын капсуласының үстіне оның мойнына дұрыс киілетіндей болып желімделінеді. Марканың орталық (елтаңбалық) бөлігі қақпақтың (тығынның) ортасына орналасуы керек. Желімденген Марка ыдыстың ішіндегісі босатылар алдында сөзсіз бүлінуі керек. Маркаларды желімдеу үшін қолданылатын желім оның кеуіп кетуін және Марканың ыдыстан аршылып түсуін болдырмау үшін жоғарғы және төменгі температураларға, ылғалдылықтың түрлі деңгейлеріне төзімді болуы керек; Марканы қайтадан қолдану үшін ыдысты ашарда бүлінген Марканы бүтіндеу мүмкіндігіне жол бермеуді

қамтамасыз ету керек. Таңбалауға керекті желімге талаптарды сақтауға жауапкершілік тауарларды импорттаушыға жүктеледі.
(3. сур)

Осы талаптар орындалмаған жағдайда кеден органдары Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды шығармауға құқылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК